

Анықтама

Ата кәсіп – берекенің бастауы

Халық мұраларының үлкен бір мәуелі бұтағы — ата кәсіп.

Ата кәсіп — телегей-теңіз дүние арасында ауқымды орны бар, халық болмысымен ежелден біте қайнасып келе жатқан, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып, қазіргі уақытта да тарих сахнасынан түсіп қалмау, жаңа даму кезеңін бастан өткізіп отырған халық шаруашылығының бір санатына жатады.

2025 жылдың қазан айында мектебімізде

«Даналық мектеп» аясында 3 сынып оқушыларының аталарының қатысуымен "Адал азамат" біртұтас тәрбие бағдарламасын іске асыру аясында, "Ата - аналарды педагогикалық қолдау" орталығының шеңберінде, "Даналық мектебі", "Ата өсиеті" "Ата кәсіп - берекенің бастауы" тақырыбында өз жұмысын жалғастыруда.

Мақсаты: Болашақ ұрпаққа еліміздің ұлттық құндылықтарын санасына сіңіру, рухани мәдениетке тәрбиелей отыра күнделікті өмірде қолдануға баулу мақсатында «Ата кәсіп – берекенің бастауы» атты қолөнер бұйымдарды ата, әкелерімен бірігіп жасау көрмесі өткізілді.

Оқушылардың бойына халқының қадір -қасиетін сіңіріп, ата - баба дәстүрін сақтауға, қарттарымызды құрметтеуге тәрбиелеу. Аталар мектебінің мүшелері оқушыларға ақыл кеңестерін айтып өмірден түйген ойларын ортаға салды.

Адам мен табиғат егіз ұғым. «Ағаш жапырағымен, жер топырағымен көрікті» дейді халқымыз. Табиғат көркейіп, желегі жасыл тартса, адамның да тынысы ашылып, көңілі көтерілері анық.